

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (1)

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

1. Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Смағұлов Оразак Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің Слобод Украинаның археология және этнология музейінің реставрациялық шеберхананың меңгерушісі (Харьков, Украина);
7. Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);
16. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, археолог; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С., Черепанов Т.К.

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

1. Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Ажигали Серик Ескендирович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Исагулов Оразак Исагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, заведующая реставрационной мастерской Музея археологии и этнографии Слободской Украины Харьковского национального университета имени В.Н. Карамзина (Украина, Харьков);
7. Кумек Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);
16. Толеубаев Абдеш Ташкенович, доктор исторических наук, этнограф, археолог; профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидаар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С., Черепанов Т.К.

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Editorial board

1. Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Krupa Tatiana Nikolaevna, head of the restoration workshop of the Museum of archeology and ethnography of Slobodskaya Ukraine of the V.N. Karamzin Kharkov national university (Ukraine, Kharkov);
7. Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); [ORCID](#)
15. Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);
16. Toleubayev Abdesh Tashkenovich, doctor of historical sciences, ethnographer, archeologist; professor of al-Farabi Kazakh National university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Dr. Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Cherepanov T.K.



Published in the Kazakhstan

Otan tarihy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 1814-6961 (Print)

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 26. Is. 1, pp. 43-57, 2023

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57

PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY)

Aknur Amangeldiyevna Oralova^{1*}, Abdulvahap Kara²

^{1*}Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Kazakhstan)

PhD doctoral student, researcher

<https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: aknur.oralova@mail.ru

M. Sinan Fine Arts University (24, Meclis-i Mebusan Str., 34427 Istanbul, Turkey)

Dr. Sc. (History), Professor

<https://orcid.org/0000-0001-9270-6761>. E-mail: karavahap@gmail.com

© IHE after Ch.Ch. Valichanov, 2023

© Oralova A.A., Kara A., 2023

Annotation. *Introduction.* The article describes the flexible military and diplomatic activities of the batyr Kozhabergen Zhanibekuly, who defended the territorial integrity of the southeastern region of Kazakhstan during the war with neighboring states, conflicts of the XVIII century at the junction of giant empires. Historical information mentions the names of several historical figures named Kozhabergen. There is confusion among the scientific community between two historical figures, Batyr Kozhabergen from the Orta Zhuz Abak Kerey tribe and Batyr Kozhabergeni Zhyrau, who came from the Ashamayli Kerey tribe. The problem of identifying the similarities and differences in the historical roles of both personalities within the process of territorial integrity and unity of the Kazakh people preservation requires a comprehensive study. *The objective* of the article is to study the family origin of batyr Kozhabergen and his military and diplomatic activities in international relations, as well as his role in trade relations. *Materials and methods.* The article is based on the documents from the archives of the Orenburg region, Manchu-Chinese sources of the First Historical Archive of the People's Republic of China and oral information collected by the descendants of a prominent historical figure. The name of Kozhabergen Batyr appears in the works of Russian researchers and travelers of the second half of the XIX century. The basis of the research was formed by comparative-historical, logical analysis, analogy, methods of diachronic and synchronic analysis. *Results.* During the research the facts of the relationship between Kozhabergen batyr and Abylai, the Dzungarian noyans, Chinese ambassadors and commanders of Russian military fortresses were established. As a result of the analysis of archival data and research used in the article, some aspects of the historical personality of Kozhabergen Batyr are found. *Conclusions.* Research and search for materials about that historical figure prove that batyr Kozhabergen Zhanibekuly was an outstanding and courageous person who left a mark in the centuries-old chronicle of the Great Steppe.

Key words: Kozhabergen batyr, Abak Kirey, Chubaraigyr, army, detachment, *International relations.*

For citation: Oralova A.A., Kara A. Personality of batyr Kozhabergen Zhanibekuly in the context of international relations (second half of the 18th century // Otan Tarihy. 2023. Vol.26. No1. Pp. 43-57. (Kaz.) DOI: [10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57)



ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 2-ШІ ЖАРТЫСЫ)

Ақнұр Амангелдіқызы Оралова^{1*}, Әбдіуақан Қара²

^{1*}Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

PhD-докторант, ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: aknur.oralova@mail.ru

²М. Синан атындағы атындағы өнер университеті (24-үй, Меджлис-и Мебусан көш., 34427 Стамбул, Түркия Республикасы)

тарих ғылымдарының докторы, профессор

<https://orcid.org/0000-0001-9270-6761>. E-mail: karavahap@gmail.com

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада XVIII ғасырдағы алып империялар тоғысындағы көршілес мемлекеттермен қақтығыстар кезінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінің аумақтық тұтастығын қорғаған Қожаберген батыр Жәнібекұлының ұтымды әскери-дипломатиялық қызметі баяндалады. Тарихи деректерде Қожаберген есімді бірнеше тарихи тұлғалардың есімі аталады. Ғылыми-көпшілік қауым арасында Орта Жүз Абақ-Керей тайпасынан шыққан батыр Қожаберген мен Ашамайлы Керей тайпасынан тараған батыр, әрі жырау Қожаберген атты екі тарихи тұлғаны бір-бірімен шатастыра қарастыру жағдайлары да кездеседі. Екі Қожабергеннің де Қазақ елінің жер тұтастығы мен бірлігі жолындағы рөлдерінде ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. *Зерттеудің мақсаты* Батыр Қожаберген Жәнібекұлының шығу тегі мен оның халықаралық қатынастардағы әскери-дипломатиялық қызметі мен сауда қатынастары мәселелеріне ықпалын зерттеу. *Материалдар мен әдістер.* Жұмыстың деректік негізін Орынбор облысы мемлекеттік архиві қорындағы деректер, Қытайдың Бірінші тарихи архивінің мәнжу-қытай тіліндегі құжаттары, көрнекті тарихи тұлғаның ұрпақтары жинаған ауызша мәліметтер мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінде есімі кездесетін Қожаберген батыр туралы материалдар кешені құрады. Зерттеу салыстырмалы-тарихи, логикалық талдау, аналогия, диахронды және синхронды талдау әдістері негізінде жазылды. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында Қожаберген батырдың Абылай, жоңғар нояндары, Қытай елшілері мен орыс әскери бекіністерінің қолбасшыларымен қарым-қатынастарындағы ерекшеліктер баяндалады. Мақалада пайдаланылған архив құжаттары мен тақырып аясындағы зерттеулерді талдау нәтижесінде Қожаберген батырдың тарихи тұлғасының кейбір беймәлім тұстары ашылды. *Қорытынды.* Аталмыш тарихи тұлға туралы материалдарды жинақтау мен алынған нәтижелер батыр Қожаберген Жәнібекұлының Ұлы даланың сан ғасырлық шежіресінде із қалдырған көрнекті де қайсар тұлға екендігін айғақтады.

Түйін сөздер: Қожаберген батыр, Абақ-Керей, Шұбарайғыр, әскер, дипломатия, халықаралық қатынастар.

Дәйексөз үшін: Оралова А.А., Кара А. Қожаберген батыр Жәнібекұлының халықаралық қатынастар тоғысындағы тұлғалық келбеті (XVIII ғасырдың 2-ші жартысы) // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С. 43-57 (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57

ЛИЧНОСТЬ БАТЫРА КОЖАБЕРГЕНА ЖАНИБЕКУЛЫ В КОНТЕКСТЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XVIII ВЕКА)

Ақнұр Амангелдыевна Оралова¹, Абдулуақан Кара²

^{1*}Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Казахстан)

PhD-докторант, научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: aknur.oralova@mail.ru

²Университет искусств имени М. Синана (д. 24, ул. Маджлис-и Мебусан, 34427 Стамбул, Турция)

доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0001-9270-6761>. E-mail: karavahap@gmail.com



Аннотация. *Введение.* В статье анализируется гибкая военно-дипломатическая деятельность батыра Кожабегена Жанибекулы, отстаивавшего территориальную целостность юго-восточного региона Казахстана в период войн с соседними государствами во второй половине XVIII века на стыке империй. В исторических сведениях упоминаются имена нескольких исторических деятелей по имени Кожабеген. В литературе имеет место расхождение данных относительно двух исторических личностей, Батыра Кожабегена из племени Орта Жуз Абак Керей и Батыра Кожабегени Жырау из племени Ашамайлы Керей. Проблема выявления сходства и различия исторических ролей обеих личностей на пути территориальной целостности и единства казахского народа требует всестороннего изучения. *Целью исследования* является изучение происхождения рода батыра Кожабегена и его военно-дипломатическая деятельность в международных отношениях, а также влияние батыра Кожабегена в вопросах торговых отношений. *Материалы и методы.* Источниковой базой работы послужили документы из фондов архива Оренбургской области, маньчжурско-китайские источники Первого исторического архива КНР и устные сведения, собранные потомками видного исторического деятеля, проанализированы данные материалы о Кожабеген батыре, имя которого фигурирует в трудах русских исследователей и путешественников второй половины XIX века. Основу исследования сформировали сравнительно-исторический, логический анализ, аналогия, методы диахронического и синхронического анализа. *Результаты.* В ходе исследований описаны особенности взаимоотношений Кожабеген батыра с Абылаем, джунгарскими ноями, китайскими посланцами и командирами русских военных крепостей. В результате анализа архивных данных и исследований, использованных в статье, раскрываются некоторые аспекты исторической личности Кожабеген батыра. *Выводы.* Исследования и поиск материалов о данной исторической личности показали, что батыр Кожабеген Жанибекулы является незаурядной и смелой личностью, оставившей след в многовековой летописи Великой степи.

Ключевые слова: Кожабеген батыр, Абак-Кирей, Чубарайгыр, армия, дипломатия, международные отношения.

Для цитирования: Оралова А.А., Кара А. Личность батыра Кожабегена Жанибекулы в контексте международных отношений (вторая половина XVIII века) // Отан тарихы. 2023. Т.26. №1. С. 43-57 (Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_26_1_43-57

1. Кіріспе

XVII ғасырда жоңғарлар ұлан байтақ қазақ жеріне алғашқы шабуылдарын ұйымдастыра бастады. Бұл дәуірде біз қазақ батырлары мен қолбасшыларының тарих сахнасында белсенді көрініс тапқан кезеңі деп айтамыз. Міне, сол кезеңнің шынайы бейнесін сипаттауға мүмкіндік берер біртуар тұлға – Қожаберген батыр. Ол Абылай хан басқарған жасақтардың біріне қолбасшылық етіп, қазақ жеріне көз алартқан сыртқы жауларға қарсы найза ұстаған батырлардың бірі. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы жалпы қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігін талдаған ғалымдар Ш. Уәлиханов, М. Тынышбаев, С. Асфендияров, Е. Бекмахановтар жекелеген еңбектерінде батырлардың әлеуметтік сипаты мәселесіне арнайы тоқталады. Аталмыш мәселе аясында тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде К.Л. Есмағамбетов, Ж.Қ. Қасымбаев, И.В. Ерофеева сынды бірқатар зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін атап өтуге тиіспіз.

Ал енді біздің негізгі зерттеу нысанымыздағы мәселе – Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмірі мен қызметі. Бұл тақырып ғылыми тұрғыдан қарастырғанда бүгінгі тарих ғылымындағы өзекті тақырып деп санауға негіз бар. Себебі, Қожаберген батыр туралы арнайы ғылыми зерттеулердің жоқтығы қынжылтады. Батыр тек ел арасында ғана емес, қытай, жоңғар билеушілері арасында үлкен беделге ие болған стратег, дипломат, сардар ретінде танылған. Алайда, көрнекті тұлға тарихта өз орнын орнықты алған жоқ. Қожаберген батыр Жәнібекұлы жайында 2017 жылы жарық көрген алғашқы да жалғыз ғылыми еңбек бұл – Б. Еженханұлының 1756-1767 жылдар аралығын қамтитын мәнжу-қытай тілдеріндегі құжаттар кешенін топтастырған «Қожаберген батыр» кітабы. Құнды еңбектегі құжаттар тобы батыр Қожабергеннің қайраткерлік келбетін зерделеуге біршама мүмкіндіктерге жол ашты. Алайда, бүгінде бұл құжаттардың астарын ақтарып, деректанулық сыннан өткізе қарастыру, алынған тұжырымдарды ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі туындап отыр. Айта кету қажет,



Қожаберген Жәнібекұлының ерлігін бүгінгі таңда ұрпақтары батыр бабаларының есімін ел есінде сақтау бағытында үгіт-насихат шараларын (республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру, көрме, жыр мүшәйраларын өткізу, ас беру рәсімі, батыр зиратына ескерткіш тас орнату, жас ғалымдарды қолдау) ұйымдастырып келеді. Алайда, әлі күнге дейін Қожаберген батыр Жәнібекұлының есімі мен қазақ халқының арман-мұраты жолындағы әскери-дипломатиялық қызметі ғылыми негізде ғалымдар тарапынан әлі де болса назарға ілінген жоқ. Қазіргі таңдағы еліміздің геосаяси жағдайы мен әскери әлеуетін күшейтудегі сардарлардың рөлі, «Ұлы даланың ұлы есімдерін жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру, батырдың Жоңғария, Ресей мен Цинь империясы қарым-қатынастарындағы әскери-дипломатиялық қызметіндегі ұтымды айла-тәсілдерін қазіргі саяси-дипломатиялық жағдайда қолдану тұрғысынан қарастыру мақаланың өзектілігін айқындайды.

2. Материалдар мен әдістер

Тақырыпқа байланысты деректердің тобын Қытайдың бірінші тарихи архиві қоймаларынан жарияланған мәнжу-қытай құжаттары, 1917 жылғы Төңкеріске дейінгі кезеңде Ресей империясының құйтырқы саясаты салдарынан қазақ даласын зерттеуге жіберілген орыс тарихшылары мен саяхатшыларының жазбалары, батырдың Моңғолия елінде тұратын ұрпақтары жинақтаған нарративті деректер кешені құрайды. Мақаланы жазуда ғылым методологиясының дәстүрлі және заманауи түрлеріне сүйендік. Зерттеу жұмысы тарихилық, объективтілік қағидаттарының заңдылықтары негізінде жазылды. Батырдың тұлғалық келбетін қарастыруда ғылыми танымның феноменологиялық бағыты негізге алынып, көрнекті тұлғаның XVIII ғасырдағы халықаралық қатынастар тоғысындағы рөлін зерттеуде салыстырмалы-тарихи, логикалық талдау әдісі, аналогия, синхронды және диахронды әдістер кешені қолданылды.

3. Талқылау

XVIII ғасыр қазақ халқы үшін ең бір сынақтар мен қиыншылықтар кезеңін бастан өткерді. Жоңғарлардың Қазақстан аумағына шабуылдары XVII ғасырда басталған, алайда, олар сұрапыл да қауіптілікке толы дәуір – XVIII ғасырда халқымыздың басына үлкен қауіп туғызды (Султаны и батыры Среднего жуза, 2018: 3).

Қазақ хандығы осы замандарда алпауыт империялар тоғысында өзінің билеушілері, сұлтандары мен батырларының саяси-дипломатиялық жанкешті қызметі арқасында мәртебесін биік ұстады. XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы жоңғарлар мен Еділ қалмақтарына қарсы күресте Абылай ханның шебер ұйымдастырушылық дарыны арқасында ірі жеңістерге қол жеткізді.

XVIII-XIX ғасырлардың 50-60-шы жылдарындағы Қазақ тарихының кезеңдері мен оқиғалары бір ғана мәселеге Ресей империясының құрамына Қазақстанның қосылу жағдайын анықтауға бағытталды. Бұл негізінен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес тарихнамасында қалыптасқан сыңаржақ коммунистік идеологияның туындысы болып табылатын қоғамдық санаға күшпен сіңірілген концептуалды теориялық жүйені негіздеу болатын. Ғылымға таңылған осы өрескелдіктің салдарынан қазақтың үш жүзінің өзіндік даму ерекшеліктеріне тіпті мән берілмеді, кез-келген саяси мәні бар оқиға тек Ресей мемлекетінің саяси ахуалымен байланыстырыла сипатталды. Осының салдарынан тіпті қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысының көпшілікке белгілі жәйттері көлеңкеге ығыстырылып, осы күресті ұйымдастырған, басқарған атақты қолбасшылар мен батырлардың, жаугершілік заманда есімдері елінің ұранына айналған ерлердің аттары аталмай, халық жадынан күштеп өшіріліп келгені белгілі (Қасымбаев, 1993: 24).

Қожаберген және Бердіқожа батырлардың Абылай ханның 1755-1757 жылдардағы Цинь жасақтарымен қиян-кескі шайқастарында шығыс қанатты басқарғаны анық. Қазақ халқының әдеби мұраларында, сонымен қатар орыс және қытай деректерінде батырлар туралы айтылады, бұл орайда көбінде «хочжа», «ходжа», «хоцзи», «қожа» сөздері батыр атауымен бірге құрамдас болып кездеседі. Мәселен, Қожаберген, Хочжайбилде, Ходжа-Мерген, Қожамерген, Қожымберді, Қожагельде, Қазиберген, Қожаберді батыр, Бердіқожа, Ходцибоэрген атты есімдерді кезіктіресіз. Атаулардың осылайша әртүрлі оқылуы қолжазбалардың ауызша және жазбаша мәтіндері, шетелдік эмиссарлардың хабарламалары мен түрлі ведомствоға қарасты жазушылардың жазбалары негізінде жасалынғандықтан, сондай-ақ, олардың сауаттылығы мен оларда бар ақпараттың толыққанды еместігімен түсіндіріледі (Хафизова, 2019а: 388).



Жәнібекұлы Қожаберген деген қаһарман сардар XVII ғасырдың соңынан XVIII ғасырдың жетпісінші жылдары аралығында өмір сүргені, Есіл, Тобыл өзендерінен Қытайдың Ұлы қорғаны, Тибеттен Алтай таулары аралығында тұлпарының ізі қалған, өмірі жортуыл жорықта өткен, ақтық демі таусылғанша қолынан қаратамақ найзасын түсірмеген тарихи тұлға (Зұрғанбайұлы, 1996: 3).

4. Зерттеу нәтижелері

Батырдың өмір сүрген жылдары туралы нақты жазба деректер кездеспейді. Алайда, Қожаберген батырдың ғұмырнамасы туралы алғаш деректер ел аузындағы әңгіме-аңыздарда, мәнжу тіліндегі жазба құжаттарда азды-көпті мәліметтер бар. Қожаберген батыр Жәнібекұлы туралы халық аузындағы деректерді жинақтап, оны сақтаумен айналысқан Аңдақайұлы Шәкер деген кісі болған екен. Оның қолындағы шежіре деректер белгісіз жағдайда Құнанбай Шәкерұлының қолына түседі. Шежіреде: «Мәулімнен Шотпан, Етікші, Етікшіден Өтес, Өтестен Мұрат, Қанымбике, Сарыкөз, Тоғызақ, Қабыл, Шотпаннан Жәнібек, Жәнібектен Қожаберген, Қожаберген 61 жасында зертң ауруынан қайтыс болған. Табыты Сарыарқаның Қызылағаш деген жерінде қойылған. Қожабергеннің 2-күні (сейсенбі) дүниеге келіп, 5-күні (жұма) туын тігіп, жауға аттанып, жеңіске жеткен» (Зұрғанбайұлы 1996: 48) деген дерек келтірілген. Осы шежіреде батырдың қайтыс болған жылы туралы мынадай мәлімет жазылған: «Екі баласын ертіп, таудан асып Индияға дейін жауын жаулап барып, 90 қонақ жүріп, қайтып келе жатып, сырқаттанған екен. 61 мүшел жасында зертң ауруынан қайтыс болған дейді. 1860 (1870) жылдардың маңайында болған» (Зұрғанбайұлы, 1996: 58) делінеді.

Қожаберген батырдың жас шамасы туралы 1757 жылғы 25 тамызындағы «Шет аймақтарды тыныштандыру армиясының оң қол орынбасар генералы Жаохуэйдің мәлімдемесінде» айтылады. Ойрат ханзадасы Әмірсананы қолға ұстап беруін өтінген Цинь ұлығы Жаохуэйға айтқан сөзінде Қожаберген батыр: «Мен өзім алпыстан асқан адаммын. Ненің жақсы, ненің жаманын білмейді дейсіз бе?!» (Еженханұлы, 2017: 171) деп жауап қайтарған.

Бұл айтылған деректерді Цяньлун жылнамасының 32-жылы 8-айдың 4-күніндегі, яғни, 1767 жылғы 4 тамыздағы Тарбағатайдың хебе-амбаны Улден мен Фухудың мәлімдемесіндегі ақпарат толықтыра түседі. «Биыл кібісе 7-айдың 23-күні, қарауылымыздағылар Абақ-керей тайпасының қазағы Қожаберген мен Қазыбектің Жандәулет, Бекмырза есімді ұлдарын бізге бастап әкелген екен. Әлгі қазақтар пақырыңыз бізге сәлем бергелі келген екен. Біз олармен кездесіп, мән-жайды сұраған едік, олар: «Әкелеріміз амбан сіздермен амандасу үшін бізді арнайы осында жіберіп, сіздерге екі жылқы тарту етті. Келуіміздің басқа себебі жоқ» деді» (Еженханұлы, 2017: 418). Қожаберген мен Қазыбектердің сәлемдемелерін Патшалық қабыл алып, екі жас қазақ елшілерін мәмілегерлік байланыста шығарып салады.

Мәнжу тіліндегі бұл құжаттан біз, қазақ-қытай арасындағы сауда-дипломатиялық қатынастардың көрінісін байқаймыз. Әлбетте, Қожабергеннің Цинь ұлығы Жаохуэйға айтқан сөзінен мәлім, бұл уақытта, яғни, 1767 жылы Қожаберген батырдың 70 жасты еңсергені анық. Себебі, мұның алдындағы 1757 жылғы құжатта Қожабергеннің алпысты алқымдағанын ескерсек, яғни, он жылдан соң, батыр Қожаберген 70-тен асқан шағында да Мәнжу-Цинь империясымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынастарда белсенді рөл атқарып жүргендігін аңғаруға болады.

1758 жылы ақпанындағы мәнжу тіліндегі «Қазақ ру-тайпаларының отбасы саны туралы тізім» дәптерінде: «Ашамайлы керейдің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Ашамайлы керейдің құрқар (?) руының 2 000 отбасы Мазаркелді батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Абақ керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде; Абақтың 5 000 отбасы Нияз (?) батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Ителі керейдің 1000 отбасы Жантөре батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Бұл керейдің 5 руы». (Еженханұлы, 2017: 47-50).

Осы құжатта батыр Қожаберген Жәнібекұлының он екі ата Абақ-Керейден тарағаны айтылады. Екіншіден, Қожаберген батырдың хан Абылай билігі тұсындағы қазақ жасақтарының белгілі бір бөлігін басқарған ірі қолбасшы екендігін айғақтайды. Үшіншіден, бұл ақпаратты Абылай ханның өзі мәлімдегендіктен, деректе есімі аталған батырлардың барлығының да абыройы биік, мемлекетшіл, Абылай ханның сенімді сардарлары болғандығын



дәлелдей түседі. Деректен батыр Қожабергеннің қоластында мың отбасынан құралған Абақ керейдің әскеріне қолбасшылық жасағандығы көрсетілген.

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының әскери-дипломатиялық қызметі тақырыбы жөніндегі деректерді XIX ғасырдағы орыс елшілерінің жазба деректерінен кезіктіре аламыз. 1917 жылғы Төңкеріске дейінгі кезеңде Ресей империясының құйтырқы саясаты салдарынан қазақ даласын зерттеуге жіберілген орыс тарихшылары Г.Н. Потанин, В. Вельяминов-Зернов, Н.А. Аристов, В.Н. Витевскийлердің жазбаларында батыр туралы деректер үстірт айтылса да, біршама мәліметтер кездеседі. Бұл авторлар Қожаберген батырдың өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметін негізгі зерттеу нысанына алмағанымен, алайда, батырдың шығу тегі мен оның әскерінің көші-қон маршруттары мәселелеріне азды-көпті тоқталған.

Г.Н. Потанин қырғыздарды Қара Ертістің далалық алқабын, Тарбағатай мен Саура жоталарының солтүстік беткейлерін және Алтайдың оңтүстік аймағын алып жатыр, ал кейбір қырғыздар Қобда өзені жағалауларында көшпелі өмір сүргендігін айтады. Ол өзінің 1876-1877 жылдардағы қырғыздар (қазақ – авт.) туралы жазбаларында Қожаберген батырдың шыққан тегі Абақ керей руы жайында мәлімет қалдырған. «Қара Ертістің далалық аймақтарын мекендеген қырғыздардың жері Абақ-керей және Қара-керей руларының иелігіне кірді: біріншілері – Ертіс-Зайсан ойпатының шығыс бөлігін қоныстанса, екіншілері батыс аймағын алып жатты (Потанин, 1881: 2).

1748 жылғы 24 қыркүйектегі М. Тевкелев құрастырған Орта және Ұлы жүз қазақтарының рулық құрамының сипаттамасында: «В Средней же орде в трех родах Увак, Гирей так же соединены от в Средней орде всех родов безсильнея, да всех богатея, а имянно: Увак, Гирей, Тараклы... И Средняя орда кочует по реке Тобол и по реке Ишим и на вершине реки Иртыш и на урочище Куктав» (Казахско-русские отношения, 1961; 407).

А.И. Левшин Орта жүздің Абақ Керей тайпасының қоныстанған аймағын былайша атап өтеді: «Средняя Орда. Увак-кирейское поколение – по рекам Убаган, Ишим, Уй, Тогузак, Иртыш, Исель, Сарысу, и Цу или Чу; также в песках Ичкунгур; около озера Кечубай-Чаркар и против крепостей – от Степной до Верхо-Уральской; также против Звериноголовской и Пресногорьковской» (Левшин, 2009: 294).

XVIII ғасырдағы Батыс Сібір аймағындағы қазақтардың мәдениеті мен тұрмысын зерттеген ғалымдардан П.И. Рычков Орта жүз қазақтары 4 ірі тайпаға бөлінетіндігін айтса, И.П. Фальк Орта жүз Абақ керей тайпасы 14 руға тарайды (Прошлое Казахстана, 1997: 184-185) деп жазады. Алайда, этнограф Фальктің бұл мәліметі шындыққа жанаспайды.

Абақ-керейлер, сондай-ақ өздерін Ашамайлы-керейлер деп те атайтындығын да көрсетеді. Алайда, бұл қате пікір. Түпкі атасы бір рулардың қандай себеппен 12 атаға бөлінетіндігі түсіндірілмейді. Барлық керей халқы Сары Үйсіннен тарайды. Сары Үйсіннен - Қараби, Қарабидің ұлы – Абақ, Абақтан – Керей; ең соңғысынан Керей тайпасының 12 ұрпағы тарайды. Бұл он екі атаның атаулары: 1) Жантекей; 2) Жәдік; 3) Шеруші; 4) Ителі; 5) Қарақас; 6) Молқы; 7) Шұбарайғыр; 8) Меркіт; 9) Итемген; 10) Жастабан; 11) Сарбас; 12) Шимойын (Потанин, 1881: 3).

Г.Н. Потанин жазбасында Керей тайпасының ендігі бір ұрпағы Шұбарайғыр жөнінде төмендегі деректер келтірілген. Міне, осы Шұбарайғыр руынан батыр Қожаберген Жәнібекұлы тарайды. Шұбарайғырлардың (шұбар айғыр) атасы Жанат деп аталды; ол батыр-қарақшы, қарақшы-батыр ретінде танылды. Аңызға сүйенсек, оншақты шұбар жылқыларға көзі түскен Жанат оларды ірі қамыстың арасына қуып кіріп, сойып жеген екен. Сол себепті де бұл рудың атауы осылай аталған делінеді. Шұбарайғырдан – Балта, Қабыл, Түлек, Өтез тарайды. Өтездің ұлы – Жәнібек. Міне, бұл тұстағы дерекке мұқият зерделегенде Қожаберген батырдың әкесі Жәнібектің Өтезден тарайтындығы айтылады.

Абақ-Керей тайпасы төмендегідей ұрандарды (шартты айқай); Жантекейлерде — Шақабай (қырғыз деректеріне сүйенсек, бұл әйел адам болған деседі, ал кейбір мағлұматтарға қарасақ, Шақабайды барлық Абақ-керейлердің арғы атасы саналады); Жәдіктерде – Жантай, Ителілерді – Бұқарбай, басқаша Күйлеу деп айтылады, Шіреушілерде – Бай-тайлақ, Шұбарайғырларда – Қожаберген (Кодже-берген); Меркіттерде – Шағыр, Жастабандарда – Баймұрат, Шимойындар мен Қарақастарда – Қаптағай, Молқыларда – Машан, ал барлық Абақ-керейлерде – Жәнібек ұраны болып есептелді (Потанин, 1881: 5-6).



Қожаберген батырдың шығу тегін қарастыру тарихи тұлғаның тарихтағы орнын айқындауға мүмкіндік береді. Батырдың шығу тегіне қатысты орыс және мәнжу-қытай деректері де Қожаберген Жәнібекұлының Шұбарайғыр руынан тарайтындығын растап отыр. Яғни, батырдың шыққан тегі Орта жүз Керей тайпасының Шұбарайғыр руынан таралатындығына біз де көз жеткіземіз.

Қожаберген Жәнібекұлының шығу тегінен бөлек, батырдың халықаралық қатынастардағы рөлін қарастыру оның әскери-дипломатиялық қызметін бағалауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Қожаберген батырдың замандастары қазақ ханы Абылай, Жоңғар қонтайшылары Қалдан Серен, Лама-Доржы, Даваци, ханзада Әмірсана, Байнджур сынды бірқатар тарихи тұлғалардың есімі мен тарихтағы рөліне тоқталып өткеніміз тақырыпты толық ашуға жол ашады. Орыс шығыстанушы-тарихшы ғалымы В. Вельяминов-Зернов зерттеулеріне мұқият назар аударсақ, қазақ-жоңғар қатынастары негізіндегі қазақ батырларының тарихи келбетіне баға беруге мүмкіндік берер тарихи фактілер біршама кездеседі. Оның зерттеулерінде Қожаберген батыр Жәнібекұлынан басқа Бөгенбей, Барақ сұлтанның ұлы Ханбабай, Ақ-Найман тайпасынан шыққан Әзібек, Абақ-Керей тайпасынан шыққан Қошқарбай, Досымбет, Досымбеттің бауыры Өмір, Құлсары, Құлеке және Әлімбет секілді қазақ батырларының есімдері аталады. Автор Абылайға жіберілген орыс елшілері М. Арапов пен А. Яковлевтердің баянхаттарында Абақ-Керей тайпасынан тараған Қожаберген батырдың Қалдан Сереннің үлкен ұлы жоңғар қонтайшысы Лама-Доржыға елші ретінде жіберілгені туралы айтады. Ол зерттеулерінде жоңғар қонтайшысы Даваци мен Абылайдың арасындағы дипломатиялық байланыстары мәселесіне біршама тоқталған. Мұнда Абылай мен Давацидің саяси ойларының үндесуі айтылады.

Даваци (Дабачи, Дебача) (өмір сүрген жылдары: 1723 ж. – 1760 ж. қаңтардың ортасынан кеш емес), үш жылдай билік құрып, өлер алдында азаппен жан тапсырған Жоңғарияның ең соңғы ханы. Тағдыр оған мейірімділік танытып, қуатты да көшпелі империяның тағына отыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан оның аяусыз орын алған өліміне куә болуға мәжбүр етті. Оның жер иелігі қазақ көшпелілеріне көршілес Шығыс Қазақстан аумағын алып жатты. Давацидің бастамасымен Қазақ хандығы Жоңғарияның саяси өміріне белсенді араласа бастады (Хафизова, 2019а: 86).

Мұнан біз Даваци мен Қазақ билеушілерінің, оның ішінде батыр Қожабергенмен арасындағы қарым-қатынастың кейбір кезеңдерде мейлінше жақсы дәрежеде болғандығын аңғарамыз. Жоңғар ханы Даваци тек Қазақ хандарымен қатар көршілес жатқан халықтардың феодалдарымен тек соғысып қана емес, бейбіт саяси-дипломатиялық байланыстар орнатқан.

Қалай болғанда да, Даваци өзінің бұрынғы Жоңғар иелігіндегі ұлыстарын құтқару үшін Абылайдың көңілінен шығып, одан әскери жасақ сұрауға ұмтылыстар жасау әрекетін тоқтатпады. Оның ойынша, әскер жоңғарлармен соғыспай, тек шекараға ғана жақындап, қалмақтардың барлық жақтастарын сол жерден қабылдап алып, шығаруға көмектесу еді. Ханзаданың өтінішін ұтымды деп санаған Абылай оны орындауға келіскен. Автор осы тұста мынадай қосымша түсіндірме беріп кетеді: «Абылайдың Давацимен ойларының бір-бірімен сәйкес келуінің себебі – Абылай сұлтан да Княздықты Жоңғарияның барлық бұрынғы аймағынан шығаруды дұрыс шешім деп қабылдады. Ол оны сол аймаққа мәңгілікке қалдырып, өз мүддесі үшін қырғыздарды жоңғарлардың шабуылынан қорғайтын, тіпті кей жағдайда оларды талқандап, жекелеген мықты ұлыс құруға үміттенген сияқты (Вельяминов-Зернов, 1853: 96).

Әрине, орыс тарихшысының бұл ойы тарихи шындыққа жақындау деуге келеді. Себебі, Абылай сұлтан жеке билігін шығыс және оңтүстік-шығыс аймақтарына қарай кеңейтіп, ойраттарға ықпалын тигізгісі келгені анық.

Девачи (Даваци) өз өмірінен қауіптеніп, қазақтың Орта жүзіне Абылайға қарай қашты, дәл сол жаққа хошоут тайпасынан шыққан Әмірсана да бірге кетті. Даваци мен Әмірсана Лама-Доржыға қарсы белсенді күресті. Басында жеңіліс тапқан олар қазақтарға барып бас сауғалап, 1751 ж. Абылайдан пана тапты (Златкин, 1964: 429-430).

Бұл күресте жеңіліс тапқан Даваци жиендері Әмірсана мен Банджурды жанына ертіп, 1751 жылдың көктемінде қазақтарға қашып келіп, Абақ-Керей тайпасының қолбасшысы Қожабергеннен пана сұраған (Витевский, 1897: 741).



Нәтижесінде, Давақи қалмақтарды «өзіндік» ұлысына көшіріп, олармен бірге жеке ұлыс ретінде көшпелі өмір сүріп, ал қалған халықты алғыс ретінде Абылайдың билігіне беруге міндеттенді (Вельяминов-Зернов, 1853: 96).

Осы тұста, Қожаберген батыр сынды қазақтың абыройлы тұлғалары неліктен ойрат нояны Әмірсананы жақтады, көмек қолын созды? деген сауал туындайды. Оның ішкі астары мынадай себептерде жатыр деп топшылаймыз. Жоңғар хандығы бейбіт жатқан қазақ халқына шабуыл жасап, елді орны толмас қырғынға ұшыратты. Алайда, Жоңғар нояндары арасында өзара ішкі бақталастық орын алып, хандық XVIII ғ. орта шеніне қарай құлдырай бастады. Осы тұста шығыстан Қытай империясы жоңғар еліне бас салды. Жоңғарияны талқандаған соң, Қазақ жеріне шабуылын жалғастыратынын Қожаберген сынды қазақ халқының беделді адамдары алдын ала болжай білді. Міне, сол себепті де Жоңғар мемлекетін сақтап қалуға Қожаберген батыр атсалысты. Қытайдан төнген қауіпті жоңғар нояндары арқылы сейілтуге тырысты. Қожаберген батырдың ұстанған бұл саяси-дипломатиялық шеберлігі мен соғыс өнері сол замандардағы озық үлгідегі саясат деуге келеді.

«Орта жүз билеушісі Абылай сұлтанның тапқыр саясаты арқасында Орта жүз халқы Абылай өмірден өткенше тәуелсіз өмірін сақтап қала алды. Абылай сол кезеңдегі жағдайға байланысты бірде Ресей, екіншісінде Қытайды, ал кейбір кездерде Жоңғарияның ығына жығылғандай болып көрінгенімен, шын мәнінде ешкімге де бағынған жоқ» (Крафт, 1898 : 51). Бұл тарихи фактілер батыр Қожабергеннің Абылайдың саясатын жақтаушы сенімді сардары болғандығын көрсетеді. Сол кезеңдегі қайшылыққа толы халықаралық қатынастар тоғысында Абылай және оның Қожаберген қатарлы бірқатар қолбасшы батырлары осылайша қазақ халқын аман сақтап қалуды ойлады.

Автордың жазбасындағы мына бір тарихи фактіге назар аударсақ: «Біз Абылайдың Давақидің ұлыстарына көмекке аттанғалы жатқанын көрдік, ол тіптен съездің өтетін орны мен уақытын белгілеген. Алайда, көп ұзамай ол өз ойын өзгертіп, орнында қалды. Бұл жағдайдың нақты себептері жоқ. Арапов қайтар жолында оған Атығай руының өкілдері Керей тайпасының старшыны Қожаберген батыр Абылайға арнайы адам жіберіп, оны Жоңғар шекарасына бармауға көндіруді өтінгендігін хабарлайды. Қожаберген қырғыздар олармен тікелей соғысуға бармағанымен, алайда тонаушылық пен зорлық-зомбылықтан аман қалулары екіталай. Жоңғарлар Доржыға берілгендіктен емес, өздері үшін олардан кек алудан тайынбайды, қырғыздар үшін қандай жағдайда да қауіпті күрес басталады деп көндіріп, Абылайды райынан қайтарды» (Вельяминов-Зернов, 1853: 97).

Жоғарыдағы жазбаға зейін қоя сараласақ, мұнда Абылайдың Жоңғар шекарасына қарай бет алмауын өтініп, Араповпен қоса өз адамдарын жібергендігін жазады. Себебі, бұл жағдай қырғыздарға (қазақтарға) қауіпті еді. Осы тұста да Қожаберген батырдың хан Абылайға деген адал қызметі мен жанашырлығын аңғармау мүмкін емес.

Осы орайда, Үкімет қаулысын орындап, Неплюев пен Тевкелев те 1753 жылдың қыркүйегінде Орынбордан капитан Яковлев жіберілгендігін жазады. Давақи мен Әмірсана Жоңғарияға оралып, Лама-Доржы билігіне қарсы соғыс ашып, оны өлтіреді. Абылай сұлтанның көмегімен Немех-Жирғалдың тобын талқандап, Давақи Жоңғария ханы атанады (Златкин, 1964: 435).

Давақи ойраттармен өзара соғыс нәтижесінде хан атанды. Әмірсананың уысында оның қуыршағы ретінде қызмет атқарды. Ол алдымен Еміл өзені бойын жайлаған дәрбет, төртуыл, ойрат, хойт сынды тайпаларға билігін жүргізді. Оның шығысында тывалықтар, алтайлықтар мекендесе, ал олардың солтүстігінде уақ, керей мен найман тайпаларының қазақтары көршілес өмір сүрді. Давақи екі мәрте өзінің жауларынан: қазақтардан және ұйғырлардан жасырынуға мәжбүр болды, екі жағдайда да ол жасырыну орнын өзі таңдады. Қалдан Сереннің билігінің соңғы жылдарында ол Шар өзені аймағындағы көшпелілерге иелік етті. Осы ойпатта «Ходзиберген» (Қожаберген) батырдың ауылы орналасты. Оны кейбір орыс эмиссарлары ойраттарға жатқызды (Хафизова, 2019а: 89).

Әрине, қазақ ауылдары мен ойраттардың қоныстары бір-бірімен шекаралас, аралас-құралас жатқандықтан Керей тайпасының старшыны, батыры Қожабергенді ойраттармен шатастыруы әбден мүмкін жағдай еді. Тіпті, Давақидің билік еткен аймағы қазақ ауылдарымен көршілес жатқандықтан, оның қазақ билеушілерінен пана сұрауы да қиынға соқпайтыны анық. Потанин жазбаларында Керей тайпасының батыры Қожабергеннің Семей қаласының оңтүстік-шығыс



аймағындағы Шар өзені жағалауында әскерімен тұрақтағанын жазады: «Ходжа-бергенъ (монг. мэргэнь, стрелок) былъ богатырь кирейскаго рода въ прошломъ столетіи; обыкновенно кочевал на реке Чарь-гурбанъ къ юго-востоку отъ г. Семипалатинска и участвовалъ въ набегах на калмыцкія кочевья, когда Джунгарское ханство рушилось подъ ударами Китайцев; но здесь, очевидно, следуетъ разуместь какое-то легендарное лицо; у Киргизъ въ обычае давать новорожденнымъ имена древнихъ предковъ, отчего въ легендахъ происходитъ путаница (Потанин, 1881: 35). Көріп отырғанымыздай, батырдың есімі «мерген» сөзімен байланыстырыла айтылып тұрғаны анық. Өз дәуірінде Керей тайпасының ірі батыры атанған Қожаберген Жәнібекұлының Семей қаласының оңтүстік-шығыс бетіндегі Шар өзенінің жағалауында көшпелі өмір сүріп, қытай әскерінің соққысынан Жоңғар хандығы құлдырап жатқанда, жеңілген қалмақ әскерлері жағында күрескендігі айтылады. Екіншіден, деректе Қожаберген батырды аңызға айналған тұлға екендігін анық жазады. Үшіншіден, қырғыздарда жаңа туған нәрестеге байырғы ата-бабаларының есімін қою дәстүрі аңыздардағы тұлғалардың есімін шатастыруға алып келетіндігін айтып өткен. Жоғарыда көрсетілген деректің астарын ақтара келе, ел арасында аты аңызға айналған батырдың өз халқынан бөлек, орыс, қытай, ойрат-жоңғар әскерлері арасында беделі мен батырлық тұлғасының биік екендігіне көз жеткіземіз.

Байқағанымыздай, орыс билігінің Абылайға жіберген елшілері ауыздарынан, атап айтқанда, А. Яковлев, М. Арапов, М. Шихов, премьер-майор Тирянның баянхаттарында Қожаберген батырдың есімі аталады. Мұның өзі Қожаберген батырдың қазақ елі арасындағы мәртебесінің биіктігін білдіреді.

Қожаберген батырдың сұлтанға айтқан сөздері оған әсер етпей қоймады. Оның үстіне Абылай сұлтан бұрынғы ұлыстарының өзіне деген сенімімен мақтанған Давацига шын көңілден сенген жоқ. Себебі, Лобачидің (орыс деректерінде жоңғар контайшысы Даваца - Лобачи деп кездеседі) халық алдында көптеген өтіріктері әшкереленді, ол әскердің аз еместігін айтты, оның жиендері Әмірсана мен Байнджурдың ұлыстарының түп-тамырымен бөлініп, жойылып кеткендігі туралы хабар жетті, ендігі орында Лобачиден ешқандай үміт жоқтығы байқалды (Абылайдың Яковлевпен әңгімесі). Ал жоңғарларға келсек, олар әрекетсіз қалмады: қырғыздардың Князьдерді беруден бас тартқанына ызаланған және Абылайдың жорығы туралы қауесеттерден шошыған Лама-Доржы оған ескерту жасауға бел буды. Сайын-Бөлек (Лама-Доржының тақты заңсыз басып алуына көмектескен) пен Шадыр қолбасшылығына қарасты үш мың қалмақ қырғыздарға қарсы шықты. Орта Ордаға бірінен соң бірі екі шабуыл ұйымдастырылды: бірі Ұлытау шатқалында, ал екіншісі әсіресе, найман, керей және басқа да тайпалар көп қырылған Шілентіде орын алды (Вельяминов-Зернов, 1853: 97).

Мыңдаған мал айдалып кетті, ал шамамен 3000-ға жуық адам тұтқынға алынды. Олардың қатарынан Керей тайпасының белгілі перзенті Баян батыр ұлымен, Ақ Найман руынан Әзібек батырлар да бар. Оларды тез арада Жоңғарияға аттандырды. Алайда, олардың әрі қарай тағдыры белгісіз еді. Қорыққан қырғыздар жан-жаққа бытырап, қаша бастады. Күндіз-түні тоқтаусыз көшкен олар көш жүргенде қиындық туғызған керек-жарақ заттарын жол-жөнекей қалдырып кетті. Даваца осы қырғынның басты себепшісі ретінде өзінің жиендерімен және қалмақтармен (олардың ішінде 200 адам болған) бірге жоңғарларды қууға мәжбүр болды. Оған Абақ-Керей тайпасынан Қожаберген, Қошқарбай, Досымбет және оның інісі Өмірлер қосылды. Абылайдың айтуынша, олар көп ұзамай жоңғарларды басып озып, олардың 200-ін соққыға жығып, бірнеше тұтқынды қайтарып, малын айдап әкетіп, жоңғар шекарасына жақын жерде, Баян-Тау шатқалында тоқтаған (бұл Абылай көшіп-қонған Арақарағайдан бір айлық жылдам жүретін жерде және 15 күн жүріп өтетін Абыралы тау шатқалында болған), одан әрі алыс емес жерде жоңғар ұлыстары басталып кетеді (Вельяминов-Зернов, 1853: 98).

Қалмақтар отыз мыңнан аса әскерімен шабуылға шыққандығы туралы хабар тарады. Мұны Абылайдың өзі де растады. Қырғыздардың бойын үрей билегені соншалық Тобыл мен Обаған бойында бір де бір қыстақ қалмады. Обаған өзені бойы, Тобыл мен Тоғызқас арасындағы далалық аймақ (Қаракөл қамалынан төмен Уй өзеніне құятын) өртке оранды. Барлық Орта жүз халқы Тоғызқастың осы аймағына қарай қоныс аударды. Тек Даваца мен оның жиендерін паналатып отырған Қожаберген батыр басқарған Абақ Керей тайпасы ғана Ертіс бойын, Есілдің сағасындағы аймақты, кейбір қырғыздар Тобылдың сол жағалауындағы Бақлан (Бақланка) өзенінің жанындағы Бақлан бекінісін қыстап қалды. Орыс бекіністерінің күшіне



үміттенген көптеген билер Орыс билігіне шекара бойында қыстап қалуға өтініш білдіре бастады (Вельяминов-Зернов, 1853: 98).

Дегенмен, осы тұста назар аударатын тұстар өте көп. Соның бірі, орыс деректерінде, орыс саяхатшыларының жазбаларында қазақтарды кемсітіп, Қожаберген батырдан бастап, Құлсары, Құлеке, Әлімбет батырларды, тіпті Абылайдың өзін де келемеждеп, қорқақ етіп көрсеткісі келген оқиғаларына сын көзбен қарап, ғылыми негіздеуіміз абзал. Сол мақсаттағы жүздеген, тіпті, мыңдаған тарихи деректер мен фактілерді көрсетуімізге болады. Жазбада Қожаберген батырдың әскері ғана Ертіс бойы мен Есіл сағасынан жылжымай, қыстап отырғандығы айтылады. Мұның өзі батырдың қаншалықты ержүректігін көрсетсе, екінші жағынан Жоңғар нояндарымен дипломатиялық қарым-қатынастарындағы ерекшеліктерді аңғартады.

Бір ғасыр бойы қонтайшыға (ойрат этнотерриториялық бірлестігі) бағынышты күн кешкен дорбот, хошот, хойт тайпалары өз бақылауынан шығамыз деп қауіп төндірді, бұл Жоңғар мемлекетінің соңғы дәуірі еді. Соңында, Цзерен Донлутың немересі және хойп тайпасының ханзадасы Әмірсананың серігі, Қалдан Сереннің күйеу баласы билеуші Давақи (Таваджи), Құлжаға жылжып, Доржыны (1753 ж.) өлім жазасына кеседі. Давақи өзінің бұрынғы серігі, әлі де Іле аймағына қоныстанып, тәуелсіз өмір сүріп жатқан Әмірсаңа қарсы күрес жүргізіп, оның ізіне түседі (Век казахско, 2006: 213-214).

Жоңғар мемлекетіндегі ішкі бытыраңқылық салдарынан империя толығымен жойылды. Сөйтіп, Жоңғар хандығының құлауы нәтижесінде Қазақ хандығы Орта Азиядағы хандықтардың ішіндегі ең ықпалды да, саяси күші мықты аймаққа айналды. Онымен қоса саяси аренаға екі алып империя Қытай мен Ресей тарих сахнасында маңызды рөлдерді иеленді. Дегенмен, екі империяның да түпкі мақсаты қазақтарды пайдалана отырып, саяси-әскери мықты әлеуеті бар мемлекет атанғысы келді.

Қожаберген батыр XVIII ғасырдың 2-жартысында Қазақ жерінің шығыс шекарасына қатысты жер дауын реттеуде Абылай ханның тіке тапсырмасы бойынша нақты дипломатиялық міндеттер атқарды. Кейін келе Қазақ-Цинь елдері арасындағы сауда қатынастарын орнату істеріне араласып, алғаш рет Үрімжі және Құлжа қалаларында «жылқыға-жібек» саудасының ашылуына елші-мәмілегерлік қызмет атқарды (Қазақстан тарихы, 2018: 645).

Қазақ-қытай қарым-қатынастары тұсында Қожаберген батыр оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірінде, яғни, қытайлармен шекаралас аймақта тұрақтады.

1756 жылдары шығыс өңірдегі қазақтар Цинь империясының басты жауына айналды, нәтижесінде жаз мезгілі өткен соң екіжақты соғыс басталды. Цинь патшалығы жазбаларына сүйенсек, Батыс аймағындағы әскердің бас қолбасшысы *Динси-цзянцзюн (Ch. Dingxi Jiangjun Дардана (Ch. Daledang'a)* Ярла мен Нұра маңында өткен шайқаста Абылайдың ізін жалғастырушы Қожаберген (Ch. Нuojibolegen) мен Әмірсаңа бастаған қарақшыларды жеңді (Noda, Onuma, 2010: 95).

Көріп отырғанымыздай, Цинь патшалығының Қазақ жеріне құрған саясатының басты нысаны – Қазақ жерінің шығыс аймағынан бастап жаулап алу.

Революцияға дейінгі кезеңдегі зерттеушілердің бірі Н.А. Аристов еңбегінде қытай және Орынбор деректерінде Қожаберген батырдың есімі аталатындығын, батырдың Абылаймен жақтас жауға қарсы күрескендігін атап өтеді. Оның жазбасына сүйенсек, керейлер мен байжігіттер туралы айтқанда, қытай деректерінде XVIII ғасырдың екінші жартысындағы жоңғарлармен күресте батырдың есімі кездеседі, шамамен 1757 жылы бұрындары Абылай ханмен бірге жоңғарлардың жақтасы болған қазақ батыры Қожаберген Қытайға бағынды, ал 1758 жылы ержүрек деген лақап атқа ие Байжігіт тайпасының көсемі Байбурақ бір көтерілісшіні тұтқындап, қытайларға тапсырады. Аталған Қожаберген Есіл өзенінің жағасын қыстап, Абақ керейлердің старшыны ретінде 1750 жылы керейлерді басқарды (Аристов, 1897: 84) – деп көрсетеді.

Қазақтарды әлсірету мақсатында Қытайдың сол кездегі басты жауы жоңғарлар еді. Бұл сәтте Абылай мен Қытай саясаты бір мүддені көздеді. Яғни, жоңғарларға қарсы бағытталды. Бірақ Қытай мен қазақтардың жоңғарға қарсы қимылы ерекше сипат алды. Қытай тарапы тарих сахнасынан Жоңғар мемлекетін біржола жойғысы келді. Қазақтар жоңғар қонтайшылары арасындағы алауыздықты және қытайлар күшін пайдаланып, жоңғарларды әлсіретті. Сол саясаттың астарын түсінбеген Аристов Қожаберген батырды Қытай жағына шықты деген жансақ пікірді алға тартады. Бұл тұрғыда орыс саяхатшысының бұл ойы қате пікір деген



тұжырым жасалынады. Мысалы, 1757 жылы Қытайдың Цинь патшалығымен қарым-қатынастарында өзінің әуелгі ұстанымын өзгертуге қадам жасауды ойластыра бастаған Абылайға да сондай кінә тағуға болады. Осы жағдайды талқылағанда бір жағдайды ескермей отырмыз. Қожаберген батыр 1752 жылы Ресей империясы мен Қытайдың сол жақ территориясын тартып алып, шекараны түзетті. Қазақтардың Қытай жаққа жақындауының басты себебі – Жоңғария мемлекетінен босап қалған ата-бабаларының байырғы жерлерін қайтару еді. 1758 жылы Жоңғария тарих сахнасынан жойылды. Бұл мемлекеттің құлауына ықпал еткен – Қытай, ал, болысқан – қазақтар. Ендігі тұста, Жоңғариядан босап қалған өздерінің байырғы атамекеніне қазақтар қайта орала бастады. Жылда Қытай әскері қазақтарды шығарып тастауды көздеп, әскер жібереді. Қазақтар қытайлармен ара-қатынасты реттеу үшін босап қалған жерлерден жылжиды. Ал қытайлар кеткен соң қайта сол орындарға жайғасты. Қазақ халқының Қытайға мойынсұнбай, ата-бабаларынан қалған байырғы жерлерді бермейтіндігін түсінген қытайлар 1767 жылы қазақтардың Шыңжаңға көшіп, қоныс аударуына рұқсат етті. Қожаберген ешқашан да Қытай билігіне берілген жоқ, тек қытайлармен әскери-дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуға мәжбүр болды. Оның негізгі жоспарында қазақтың территориялық тұтастығын сақтап қалу мүддесі бірінші орында тұрды. Қожаберген батыр Жәнібекұлы да Абылайдың көпвекторлы ұтымды саясатын ұстанғаны анық.

1758 жылғы 15 наурыздағы Шекараны тыныштандыру армиясы генералы Жаохуэйдің Цинь патшасына жолдаған мәлімдемесінде: «Чахар қосынындағы «хуцзюнь» лауазымды Ырысбай бір жылқыға мініп, бір жылқыны жетектеп қашып кеткендігі туралы мәлімдейді. Бұл мәлімдемеге сәйкес Цинь ұлығы мән-жәйді анықтап, жауап беруді бұйырады. Осы бұйрық жете салысымен, мынадай жауап айтылады: «Былтыр біз патшаның қазақ Қожаберген қатарлыларға сыйлаған торғын-торқаларын апарып берген болатынбыз. Сонан соң біздің қайтып келе жатқан жолымызда, 10-айдың 21-күні түнде, кезегімен жылқыларымызды күзетуге шыққан Ырысбай кенеттен ізін көрсетпей қашып кетті. Біз ол туралы мәлім еткенбіз» дегенді айтты. Осыған қарағанда, Ырысбайдың қашып кеткендігі шын болып шықты. Біз қазақтарға оны тауып, тұтқындап әкеліп беру туралы хатнама жолдадық (Еженханұлы, 2017: 194).

Бұл құжатта Қытай империясының әскери адамдары өз патшаларына Ырысбай деген қазақтың қашып кеткендігі айтылады. Қытай әскерлері Қожаберген батырды жақсы білгендігі және Қытай патшасы батыр туралы хабардар екендігін білдіреді. «Былтыр біз патшаның қазақ Қожаберген қатарлыларға сыйлаған торғын-торқаларын апарып берген болатынбыз» деген дерек мәтіні осы сөзімізге дәлел. Ал енді құжатты саралар болсақ: Біріншіден, Қытай патшасы Қожабергенді сардар ретінде таныған. Екіншіден, Қожаберген сияқты беделді батырларға оларды өздеріне тарту үшін торғын-торқаларын сыйлаған. Үшіншіден, 1758 жылы қазақ-қытай байланыстарында Қожаберген батыр Қытаймен шекаралас аудандарда болғандығы аңғарылады. Төртіншіден, батыр Қожаберген Абылайдан кейінгі орында шекарашы функциясын атқарып жүргендігін байқаймыз. Жалпы, бір сөзбен айтқанда, осы заманның шекара аймағында Қожаберген Жәнібекұлы қазақтың жер тұтастығын сақтап қалу қызметін зор атқарған, Ал енді, шекара маңында қақтығыстар орын алмас үшін Ресей империясы Қожаберген сынды батырларға сый-сияпат жасап тұрғаны ақиқат. Құжаттан түйгеніміз, жылқыны қарауылдап жүрген Ырысбай атты қазақты іздеп-табу үшін Қытай билігі батыр Қожабергенге жүгінуге тура келген секілді. Қытай жағындағы тараптың логикасы бойынша, енді осындай жекелеген, жеңіл-желпі, ұсақ-түйек мәселелерге бола, Қазақ жеріне әскерін енгізбей, қазақтармен қиян-кескі ұрысқа түспей-ақ, абыройлы Қожаберген сынды батырлармен түйткілді әскери-дипломатиялық мәселелердің шешімін тауып отырған.

Ресей империясы Қазақстанның солтүстік территориясын жаулап алу мақсатында XVIII ғасырдың орта шенінен бастап, арғы жағынан Омбымен түйісетіндей Ертістің бойын жағалай бекіністер салуға кірісті. Алайда, орыс басқыншыларынан әрекетінен жақсы хабардар болған Абылай, Қожаберген сынды қазақтың мәртебелі адамдары Ресей империясымен бейбіт келісімді ұстанды.

Орыс үкіметі мен жергілікті басқару әкімшілігі Қазақ хандығы әскерінің есебінен Жоңғар хандығы күшейіп кетеді деп қорықты. Сол себепті де, Ресей империясы қазақ пен жоңғар халықтарының жақындасуына жол бермеу мақсатын ұстанды (Моисеев, 1991: 233).



Қазақ-орыс қатынастарындағы Қожаберген батырдың қызметін баяндауға Орынбор архивіндегі құжаттар біршама жол ашады. 1757 жылдың 17 қазанында премьер-майор Тирянның Сібір корпусының командирі бригадир К.Л. Фрауендорфқа Керей болысының старшыны Қожаберген бастаған қырғыз-қайсақтардың Ақкөл маңында орналасқан Ямышев бекінісіне келгендігі туралы хабарламасы бар. Құжатта: «Сего октября 17 дня г-дин Терпигарев поданным ко мне репортам представил: По репортам к нему от гобвахтного ундер-офицера полку Вологоцкого каптенармуса Фельшмана донесено: что стоящими в той крепости з башни у реки Иртыша от казенных магазейнов часовыми усмотрено: на той стороне реки Иртыша берегу приехавших на верховых лошадях незнаемых людей. Почему от меня он, гдин поручик Терпигарев, с пристойной вооруженной командой и с толмачем, татаринном Апсалимовым, для спросу их: что за люди, за ту реку Иртыш и посылан был. Которые чрез за толмача, служилого татарина, и спрашиваны были. На что оные и объявили: что киргис-кайсаки ведомства старшины Кежемергенъ, волости Керейской. И следуют-де они по той стороне реки Иртыша, и где удобные места изыскать могут, то в нынешнюю зиму и кочевать будут. А ныне-де оной старшина Кужемергенъ в четырех тысячах расположился кошом у реки Белой, расстоянием от крепости Ямышевской в пятнатцати верстах (ОрОМА. 1-к. 1-т. 58-іс. 410-п.) – деп жазған.

Хабарламада Ертіс өзенінің жанындағы мұнарадан сол бекіністе тұрған күзетшілерге Ертіс өзенінің жағасы мен арғы бетінен атқа қонған белгісіз адамдардың көрінгендігі туралы хабар жеткен. Сонда Терпигараев К.Л. Фрауендорф пен лайықты әскери командасы бар татар тілмәші Апсалимовтан Ертіс өзені жағалауынан көрінген адамдардың кім екендігін анықтап келуді бұйырады. Осы тұста олар бұл қырғыз-қайсақ бөлімінің Керей болысының старшыны Қожаберген батыр екендігін мәлімдейді. Және де батыр мен оның әскері Ертіс маңайынан өздеріне қолайлы аймақты табатын болса, онда олар биылғы қыста осында көшіп-қонуға дайын екендігін жеткізді. Кейіннен Қожаберген өзінің көшімен бірге Ақкөл маңынан төрт мыңдай, ал Ямышев бекінісіне он бес верст қашықтықтай жерде бір аптадай уақыт тұрақтағандығы туралы мәлімет аламыз. Берілген дерек бұл маңда қазақ-орыс сауда қатынастары жүріп жатқанын айғақтайды. Екіжақты сауда байланыстарын қолдау арқылы Ресей басқыншылары Орта жүзге саяси ықпалын жүргізуді көздеді.

1757 жылғы 5 желтоқсандағы Ямышев кеңсесінен Сібір корпусының командирі, бригадир К.Л. Фрауендорфқа қырғыз-қайсақтардың Коряков форпостына және Ямышев бекінісіне айырбас сауда үшін көшуі, олардың Абылай сұлтан мен қытай әскерлері жайында баяндаған мәлімдемелері, сондай-ақ қырғыз-қайсақтардың Керей болысы Ақкөл маңында көшіп-қонып жүргендігі туралы құжат сөзімізді одан әрі растайды. Құжатта: Сего-де декабря 2 дня х тому форпосту из западной стороны реки Иртыша приехало киргис-кайсак два человека Гарейской волости: Толпан Чади да Тургускун Кубыспай..... И того ж числа с западной стороны из за реки Иртыша х крепости Ямышевской киргис-кайсак шестнатцеть человек верхами приехали и с собою заводных лошадей двадцеть семь для сатовки привели. Кои чрез за толмача татарина Кучакова и распрашиваны: далеко ли кочуют, и которой волости, и кто у них старшина, и зачем их к крепости приез? И на что объявили: расположились кочевьем за Белою рекою, волости Кирейской, владения Аблай-салтана, старшины Куземергеня, и с ними в приезде за старшину киргизец Тувалди. И про Аблай-салтана объявили, что стоит в степи, день десеть езды. А про китайское войско, где находитца неизвестны. А были-де они с ними в летнее еще время и с ними согласно. И просили, чтоб их табуны на восточную сторону не перегоняли, а дали б в залог постоянства ис старшинских детей или братьев родных аманат. И на то объявили ж, что-де к старшине Куземергеню для онога послан будет. А он-де кочует вверх по Иртышу реки Семипалатинской крепости (ОрОМА. 1-к. 1-т. 58-іс. 214-215-п.).

Берілген құжатты байыппен мұқият зерделер болсақ, Ямышев кеңсесіне жіберілген Коряков әскери бекінісінің капитаны Ветберг Ертіс өзенінің батыс жағалауынан қырғыз-қайсақтардың Керей болысынан екі адам: Толпан Чади мен Тұрғысқын Құбыспайдың келгендігін мәлімдейді. Ямышев бекінісіне қырғыз-қайсақтардан аттылы он алты адам өздерінің жиырма жеті қосалқы (шаршаған жылқылардың орнын толтыру және қажеттілік туындаған жағдайда әбзелдеуге дайындалған әскердегі қосалқы қолға үйретілген аттар) жылқыларымен сауда үшін Ертістің батыс тарапынан келгендігі туралы айтылады.

Бұл кезеңде қытай әскерлері Жоңғария иелігінен қалған жерлерге баруға дайын еді. Ал Абылайға осы тұста қытай әскерлерімен соғысқа бірден кірісіп, қырғыздарға бұйрық



түсірмеді. Мұның себебі, қырғыздар (қазақ – авт.) қытай әскерлеріне жақын қарым-қатынас орнатып, шекаралық сауда байланыстарын жүргізіп жатқан болатын.

Құжатты әрі қарай тарқатсақ, осы тұста Абылай сұлтанның иелігіндегі Керей болысының батыры Қожаберген қасына тағы бір қырғыз (қазақ-авт.) старшыны Тувалдыны ертіп, Ақкөл маңына табан тірегені айтылады. Осы кезде Абылай сұлтанның он күндік жолды қамтитын қашықтықтағы далада тұрақтанғаны хабарланады. Бірақ қытай әскерлері туралы мәлімет кездеспейді. Алайда, қазақ-қытай әскерлері жаз мезгілінде бір-бірімен өзара келісімде бейбіт күн кешкендігі құжат мазмұнында айқын көрінген.

Қырғыздар (қазақтар) қытай әскерінен олардың табындарын шығыс жаққа айдап жібермеуін өтініп, тұрақтылық кепілі үшін старшындардың балалары немесе туған бауырларын аманат ретінде қоятындығын жеткізген. Осы жағдайда мәселе туындаса, Қожаберген батырға жіберілетіндігін мәлімдеген. Батыр Қожаберген осы уақыттарда Ертіс өзенінің жоғары сағасымен Семей бекінісінде көшіп-қонып жүргендігін де аңғаруға болады.

Айта кететіні, Қазақ хандығы, жалпы ортаазиялық хандықтар мен жоңғар, қытай империяларымен қарым-қатынастарында түрлі сыртқы саяси күрделі мәселелерді шешудің бірден-бір тиімді тұсы – аманат болып саналды. Жаугершілік замандарда аманат институтының халықаралық қатынастардағы қайшылықты мәселелердің шешімін табудағы саяси күші басым болған.

Қытайдың Мин және Цинь деректерінде аманат институты Қытай билігінде ғана орын алды деп қарастырылады. Шын мәнінде, аманат институтының мақсаты түрлі сыртқы саяси міндеттерді, атап айтқанда, таққа құқықтарды танудан экономикалық қызмет аумағын кеңейтуге дейінгі мәселелерді шешуге бағытталды. Аманат институты жоңғарлар мен қазақтар үшін қарулы қақтығыстардан шығудың ең оңтайлы нұсқасы болды (Хафизова, 1995б: 173-175).

Қазақ халқының Қожаберген қатарлы белгілі адамдары орыс билігімен де теке-тіресті қаламады. Мұның себебі, әрине, қазақ халқының амандығы мен жерінің тұтастығы. Ал, Ресей билігі қазақ жерін өзінің геосаяси ықпал ету аймағына айналдыруға мүдделі еді.

5. Қорытынды. Тарих сахнасында Қожаберген батыр Жәнібекұлы әскери және дипломатиялық ұтымды қадамдары нәтижесінде Қытай әскерлерінің Қазақстан аумағындағы қозғалысына тосқауыл қоя отырып, Жоңғар иелігіне өтіп кеткен арғы бабаларымыздың атамекенін қайтару жолында күресті. Оның әскери жорықтарындағы ірі жеңістері қатарында батырдың Жетісу мен Тарбағатай өңірлерінің шұрайлы жайылымдық жерлерін қазаққа қайтару жолындағы әскери-дипломатиялық қызметін айтуымыз қажет. Батыр Қытаймен бейбіт қарым-қатынасты қолдады, жоңғар қонтайшыларымен достық байланыс орнатты. Мұның барлығы да Қожаберген батырдың Қазақ халқының бейбіт өмір сүруін аңсаған мұратынан туындаған еді. Қожаберген Жәнібекұлы сол замандарда жер тұтастығын қорғаған шекарашы, дипломат, әрі ержүрек әскербасы ретінде Қазақ халқының төл тарихында алтын әріптермен есімін қалдырған тұлға.

Жоғарыда айтылған мәселелер, «бүгінгі азат еліміздің шекарасы тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана белгіленді» деген пікірді жоққа шығарады. Қазақ жерінің шекарасы сонау XVIII ғасырдың орта шеніндегі жаугершілік замандардағы батырлардың дәуірінде шегеленгенін Қожаберген сынды батырлардың әскери-дипломатиялық жолы айғақтайды.

Дереккөздер

OpOMA – Орынбор облысы мемлекеттік архиві

Sources

SAOR – State Archive of the Orenburg Region

Әдебиеттер тізімі

Аристов, 1897 – *Аристов Н.А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из Живой старины. Вып. III и IV, 1896. С. Петербург: Тип. С.Н. Худекова, 1897. №12. С. 84.



- Век казахско, 2006 – Век казахско-джунгарского противостояния. Сост. Е.Б. Касенов. Павлодар: ЭКО, 2006. 248 с.
- Вельяминов-Зернов, 1853 – *Вельяминов-Зернов В.В.* Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азией со времени кончины Абул-Хайр хана 1748-1765 г. // *Оренбургские ведомости*. Уфа: Губернская типография, 1853. №13. С. 96-98.
- Витевский, 1897 – *Витевский В.Н.* И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе с 1758 г. Т.3. Казань: Типолитография В.М. Ключникова, 1897. 573 с.
- Еженханұлы, 2017 – *Еженханұлы Б.* Қожаберген батыр (1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы: Арыс, 2017. 496 б.
- Зұрғанбайұлы, 1996 – *Зұрғанбайұлы Р.* Шыбарайғыр Қожаберген батыр. Өлгей, 1996. 160 б.
- Златкин, 1964 – *Златкин И.Я.* История Джунгарского ханства (1685-1758). Москва: Наука, 1964. 481 с.
- КРО, 1961 – Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сост. Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова и др. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961. 742 с.
- Крафт, 1898 – *Крафт И.И.* Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург: Типолитография Н. Жаринова, 1898. 59 с.
- Қасымбаев, 1993 – *Қасымбаев Ж.* Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер // *Қазақ тарихы*. 1993. № 2. 24-б.
- Қазақстан тарихы, 2019 – Қазақстан тарихы. Энциклопедия. 2-том. Жалпы редакциясын басқарған З.Е. Қабылдинов. Алматы: Литера-М, 2019. 862 б.
- Левшин, 2009 – *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Под общ. ред. М.К. Козыбаева. Алматы: Санат, 2009. 656 с.
- Моисеев, 1991 – *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). Алма-Ата: Гылым, 1991. 238 с.
- Прошлое Казахстана, 1997 – Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в. до н.э. – XVIII в. н. э.). Сборник I. Под редакцией С.Д. Асфендиярова, П.А. Кунте. Алма-Ата: Казахское краевое издательство, 1997. 383 с.
- Потанин, 1881 – *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Выпуск II. Материалы этнографические. С. Петербург: Типография В. Киршбаума, 1881. 181 с.
- Султаны и батыры, 2018 – Султаны и батыры Среднего жуза (вторая половина XVIII в.). Сборник документов. Сост.: Сирик В.А. Алматы: Литера-М, 2018. 560 с.
- Хафизова, 2019а – *Хафизова К.Ш.* Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 480 с.
- Хафизова, 1995 б – *Хафизова К.Ш.* Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV – XIX вв. Алматы: Гылым, 1995. 288 с.
- Noda, Onuma, 2010 – *Noda J., Onuma T.* A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. Tokyo: The University of Tokyo, 2010. 176 p.

References

- Aristov, 1897 - *Aristov N.A.* Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nationalities and information about their numbers. A separate print from Living Antiquity. Issue. III and IV, 1896. St. Petersburg: Type. S.N. Khudekova, 1897. No. 12. S. 84. (In Rus.)
- Asfendiyarov, Kunte (ed.), 1997 - The past of Kazakhstan in sources and materials (V century BC - XVIII century AD). Edited by *S.D. Asfendiyarov, P.A. Kunte*. Alma-Ata: Kazak regional publishing house, 1997. 383 p. (In Rus.)
- Ezhenkhanuly, 2017 - *Ezhenkhanuly B.* Kozhabergen batyr (based on the documents of the Manchu-Chinese archive formed in 1756-1767). Almaty: Arys, 2017. 496 p. (In Kaz.)
- History of Kazakhstan, 2019 - History of Kazakhstan. Encyclopedia. Volume 2 / Editor-in-Chief Z.E. Kabyldinov. Almaty: Litera-M, 2019. 862 p. (In Kaz.)
- Kasenov (comp.), 2006 - Century of the Kazakh-Dzungarian confrontation. Comp. E.B. *Kasenov*. Pavlodar: ECO, 2006. 248 p. (In Rus.)
- Kasimbaev, 1993 - *Kasimbaev Zh.* Political and military issues in the Dzungar-Kazakh conflict // History of Kazakhstan. 1993. No. 2. p. 24 (In Kaz.)
- Khafizova K.Sh. Steppe rulers and their diplomacy in the XVIII-XIX centuries. Nur-Sultan: KazISS under the President of the Republic of Kazakhstan, 2019. 480 p. (In Rus.)
- Khafizova, 1995 - *Khafizova K.Sh.* Chinese diplomacy in Central Asia. XIV-XIX centuries Almaty: Gylym, 1995. 288 p. (In Rus.)
- Kazakh-Russian, 1961 - Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries. Comp.: F.N. Kireev, A.K. Aleinikov and others. Alma-Ata: Ed. Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1961. 742 p. (In Rus.)



- Kraft, 1898 - *Kraft I.I.* Collection of legalizations about the Kirghiz of the steppe regions. Orenburg: Typo-lithography by N. Zharinov, 1898. 59 p. (In Rus.)
- Levshin, 2009 - *Levshin A.I.* Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaisats, hordes and steppes. Under. total ed. acad. M.K. Kozybaev. Almaty, Sanat, 2009. 656 p. (In Rus.)
- Moiseev, 1991 - *Moiseev V.A.* Dzhungar Khanate and Kazakhs (XVII-XVIII centuries). Alma-Ata: Gylym, 1991. 238 p. (In Rus.)
- Noda, Onuma 2010 – *Noda J., Onuma T.* A Collection of Documents from the Kazakh Sultans to the Qing Dynasty. Tokyo: Department of Islamic Area Studies, Center for Evolving Humanities, Graduate School of Humanities and Sociology, The University of Tokyo, 2010. 176 p. (In Jap.)
- Potanin, 1881 - *Potanin G.N.* Essays on Northwestern Mongolia. Issue II. Ethnographic materials. St. Petersburg: Printing house of V. Kirshbaum, 1881. P. 181. (In Rus.)
- Sirik (comp.), 2018 - Sultans and batyrs of the Middle Zhuz (second half of the 18th century). Collection of documents. Comp.: *Sirik V.A.* Almaty: Litera-M, 2018. 560 p. (In Rus.)
- Velyaminov-Zernov, 1853 - *Velyaminov-Zernov V.V.* Historical news about the Kirghiz-Kaisaks and relations between Russia and Central Asia since the death of Abul-Khair Khan 1748-1765 // Orenburg Vedomosti. Ufa: Provincial Printing House, 1853. No. 13. pp. 96-98. (In Rus.)
- Vitevsky, 1897 - *Vitevsky V.N.* I.I. Neplyuev and the Orenburg Territory in its former composition since 1758. V.3. Kazan: Typo-lithography by V.M. Klyuchnikova, 1897. 573 p. (In Rus.)
- Zurganbayuly, 1996 - *Zurganbayuly R.* Shybaraigyr - Kozhabergen batyr. Olgei, 1996. 160 b. (In Kaz.)
- Zlatkin, 1964 - *Zlatkin I.Ya.* History of the Dzungar Khanate (1685-1758). Moscow: Nauka, 1964. 481 p. (In Rus.)



Мазмұны 2023 № 26 (1)

**ӘДІСНАМА
бөлімі**

<i>1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.</i> АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
--	---

ТАРИХ бөлімі

<i>2. Муминов А.Қ., Утепбергенова Ұ.А.</i> СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ.....	15
---	----

<i>3. Айдарбаева Р.Қ.</i> 1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
---	----

<i>4. Оралова А.А., Қара Ә.</i> ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.)	43
--	----

<i>5. Турлыбекова А.М., Мусагажимова А.А., Жакупов М.О.</i> ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
--	----

<i>6. Сақтаганова З.Ғ., Қарсақова Г.Б.</i> 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ.....	72
---	----

<i>7. Маликова С.З., Шериязданов Б.Р.</i> АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....	83
---	----

<i>8. Жуманбаев Д.Н., Жуманбай Р.Н.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХНАМАСЫ.....	93
--	----

<i>9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С.</i> БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
--	-----

<i>10. Ильясова Г.С., Садықов Т.С.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: 1999-2009 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	120
---	-----

<i>11. Ким Г.Н.</i> ПОЛИВАРИАНТТЫ ЗЕРТТЕУ КӨЗІ РЕТІНДЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН КӨРІСТЕРДІҢ ВАГОНДЫҚ (ОТБАСЫЛЫҚ) ТІЗІМДЕРІ.....	132
---	-----

**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ
бөлімі**

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
--	-----



13. *Мионг С.О., Чан Б.С.*
КЕҢЕСТІК КӘРІСТІК БАҚ-ТАҒЫ МӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ:
ДОМИНАНТТЫ НАРРАТИВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАСЫРУ.....163
14. *Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә. Шагирбаев М.С.*
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. *Нозайбаева Д.Т. Ибадуллаева З.Ө.*
ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
КОМПОНЕНТІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....190



СОДЕРЖАНИЕ 2023 № 26 (1)

Раздел МЕТОДОЛОГИЯ

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
---	---

Раздел ИСТОРИЯ

2. Муминов А.К., Утепбергенова У.А. САДУАҚАС ГЫЛМАНИ КАК ИСТОРИК.....	15
3. Айдарбаева Р.К. 1930 жж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
4. Оралова А.А., Қара А. ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӨНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.).....	43
5. Турлыбекова А.М., Мусагажсинова А.А., Жакупов М.О. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN 1921-1923 (ON THE EXAMPLE OF AKMOLA PROVINCE).....	72
7. Malikova S. Z., Sheriyazdanov B.B. NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N. HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
10. Ilyassova G.S., Sadykov T.S. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
11. Ким Г.Н. ПОВАГОННЫЕ (ПОСЕМЕЙНЫЕ) СПИСКИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ КОРЕЙЦЕВ КАК ПОЛИВАРИАНТНЫЙ ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ.....	132



Раздел
АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
<i>13. Мионг С.О., Чан Б.С.</i> ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ В СОВЕТСКИХ КОРЕЙСКИХ СМИ: ДОМИНАНТНЫЙ НАРРАТИВ И СОКРЫТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ.....	163
<i>14. Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А. Шағирбаев М.С.</i> ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	173
<i>15. Ноғайбаева Д. Т. Ибадуллаева З.О.</i> МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ОСНОВНЫХ КОНЦЕПТОВ В АНТРОПОЛОГИИ РОДСТВА: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ.....	190



CONTENT 2023 № 26 (1)

Section METHODOLOGY

1. *Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.*
ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE.....5

Section HISTORY

2. *Muminov A.K., Utepbergenova U.A.*
SADUAQAS GHILMANI AS A HISTORIAN.....15
3. *Aydarbayeva R.K.*
1930 REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST
KAZAKHSTAN IN THE 1930s.....30
4. *Oralova A.A., Kara A.*
PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF
INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY).....43
5. *Turlybekova A.M., Musagazhinova A.A.,*
THE TRAGEDY OF THE SPECIAL SETTLERS IN THE DOCUMENTS
OF THE STATE ARCHIVE OF THE PAVLODAR REGION.....58
6. *Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.*
SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES
OF FAMINE IN AKMOLA PROVINCE IN 1921-1923.....72
7. *Malikova S.Z., Sheriyazdanov B.R.*
NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA
REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....83
8. *Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N.*
HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC
AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....93
9. *Kairullina A.K., Battalov K.K., Zhumatay S.*
HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL
OUTER DISTRICT'S FORMATION.....108
10. *Ilyassova G.S., Sadykov T.S.*
SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN:
BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....120
11. *Kim G.N.*
CARRIAGE (FAMILY) LISTS OF DEPORTED KOREANS
AS A POLYVERSION SOURCE OF RESEARCH.....132



Section
ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY

12. *Gursoy M., Sizdikov B., Seraliyev A.*
ON THE SAGANA IN THE MYNTOBE.....144
13. *Soon-ok Myong, Byong-soon Chun.*
THE PROBLEM OF CULTURAL REPRESENTATION IN SOVIET KOREAN MEDIA:
DOMINANT NARRATIVE AND CONCEALMENT OF HISTORICAL MEMORY163
14. *Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S.*
HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY
AND TURKIC EPOCHS IN TERIS-ASA VALLEYS.....173
15. *Nogaibayeva D.T. Ibadullayeva Z.O.*
IDEOLOGICAL COMPONENT OF THE MAIN CONCEPTS
IN THE ANTHROPOLOGY OF KINSHIP: DOMESTIC AND FOREIGN EXPERIENCE.....190



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
